

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы «17» қарашада жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Депутаттық сауалымыздың басты себебі NEET жастарына қатысты жүргізілетін жұмыстарды біріздендіру мәселелері болып отыр.

Жыл басында Мемлекет Басшысы жастармен жұмысты жүйелендіру үшін 2022 жылдың соңына дейін жастар саясаты туралы заңнаманы жетілдірудің өзектілігін атап өтті. Сонымен қатар, «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасына тиесілі Жол картасының 71-тармағына сәйкес, NEET санатындағы жастардың санын азайту мәселесінің маңыздылығы ескерілген.

Мәселен, елімізде қазіргі уақытта 14 жастан 35 жасқа дейінгі жастар саны 5,9 млн. адамды, яғни ел халқының үштен бір бөлігін құрайды. Сондықтан жастарды мемлекеттік қолдау елеулі ресурстар мен ойластырылған жүйелі шараларды талап етеді. Оның ішінде жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері басты назарға алынуы қажет.

Ұлттық бюроның мәліметінше еліміздегі NEET жастарының үлесі шамамен 6,7%-ды (256 мың) құрайды. Дегенмен, пандемияның салдарынан әлемде бұл санаттағы көрсеткіштердің саны едәуір артып келеді. Дәлел ретінде, Еуростаттың 2020 жылдың қорытындысы бойынша Еуро Одақ мүшелігіндегі елдерде бұл көрсеткіш 2%-ке өсіп, орташа көрсеткіш 17%-тен жоғары деңгейді көрсетіп отыр.

Ал біздің елімізде жағдай қалай, жалпы жұмыссыз, жұмыс істеуге ынтасы жоқ, сонымен бірге уақытша табыс көздеріне машықтанған жастардың санына үңілсек. Қазіргі таңдағы жұмыссыз жастардың саны 3,6%-ды құраса, NEET жастарының үлесі 6,7%-ды құрайды, ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық арасындағы жастардың үлесі 25%-ды құрап отыр. Аталған үш көрсеткіш жастар арасындағы жұмыспен қамтылуы мүлдем басқа деңгейде, яғни жастардың жұмыссыздығы үш түрлі өлшеммен әдемі жасырылғандығы байқалады.

Сондай-ақ, 2021 жылғы ақпарат бойынша NEET санатындағы жастардың үлесі өндірістік, туристік потенциалы бар өңірлерде, оның ішінде Қарағанды облысында – 9,1%, Ақмолада – 8,9%, Қызылордада – 8,1% құрады. Аталған аймақтар бұл көрсеткіш бойынша «антилидерлер» қатарында болғанына қарамастан, бұл санаттағы жастармен жұмысты жүйелі реттеуге әлі де қауқарсыз. Бұл бір.

Екіншіден, «Атамекен» ҰКП зерттеулерінің қорытындысы бойынша жоғары оқу орнының түлектерінің 35% мамандығы бойынша жұмыс істемесе, олардың 40% оқуды бітірген жылы жұмыс таба алмайды.

Ал, мемлекеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижелері бюджет қаражатын игеруге көбірек бағытталғаны анықталуда. Мысал ретінде, «Жастар практикасы» жобасы бойынша 10 жылдың қорытындысына сәйкес, 190 мыңнан астам жастар 6 айлық іс-тәжірибеден өтті. Бұл бағдарлама бойынша, әрі қарай жас түлектің тұрақты жұмыспен қамтылуы емес, тек тәжірибеден өту индикаторы ескерілген.

Үшіншіден, өңірлер берген тізімдердегі NEET санатындағы жастар саны Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес келмейді.

Жоғарыда көтерілген мәселелерді ескере отырып, жұмыссыз және NEET санатындағы жастармен **жұмысты бірізді жүргізу мақсатында:**

1. NEET санатындағы жастарды жіктеудің бірыңғай әдіснамасын дайындауды ұйымдастыруды. Есептеу әдістемесінде жастар жасының жоғарғы шегін 35 жасқа дейін ұлғайтып, оларды жас ерекшелігі, жынысы, тұрғылықты мекенжайына байланысты бөліп қарастыруды;

2. Жастар мен жас кәсіпкерлерді қолдауға, уақытылы ақпараттандыруға бағытталған бірыңғай навигациялық сайтты, оның мобильді қосымшасын және оларға арналған ілеспе телеграмм ботты әзірлеу және іске қосуды қолға алуды;

3. Жастардың осы санатымен жұмыс істеу тиімділігін бағалау үшін тиісті орталық мемлекеттік органдар мен өңірлік дамыту бағдарламаларында NEET санатындағы жастардың санын азайту жөніндегі мәселелерді бекітуді сұраймыз.

4. Әлемнің үздік тәжірибелерін ескере келе, аз қамтылған және өмірлік қиын жағдайға тап болған жастармен жұмыс жасауға бағытталған Zhasproject жобасының тәжірибесін жалғастыру қажет деп есептейміз.

Ауылда жұмысы жоқ, ал қалада тіркеуі жоқ, жалдамалы пәтерде күн кешетін, білім алуға мүмкіндігі жоқ, табыс көзін таба алмаған жастарымыз жетерлік. Осы орайда, «Жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» – демекші, мемлекет тарапынан жастарға әрдайым үлкен қолдау керек екендігін ескертеміз.

**Депутат,
«Nur Otan»
партиясы Фракциясының
мүшесі**

Е.Бейсенбаев

*орын: А. Кабдулов,
тел: 74-64-06*